

Білім және ғылым ұйымдарының мемлекеттік қызметші емес қызметкерлеріне мамандық бойынша жұмыс стажын белгілеу Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2002 жылғы 21 ақпандағы N 105 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 22 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1760. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 14 маусымдағы N 302 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010.06.14 N 302 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз) Бұйрығымен.

"Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 P020041_ қаулысын іске асыру мақсатында

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Білім және ғылым ұйымдарының мемлекеттік қызметші емес қызметкерлеріне мамандық бойынша жұмыс стажын белгілеу Е р е ж е с і б е к і т і л с і н .

2. Әкімшілік департаменті (С.З. Қанаев) осы бұйрықты заңнамамен белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және 2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап пайда болған қатынастарға қолданылады.

Министр

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2002 жылғы 21 ақпандағы N 105

бұйрығымен бекітілген

Білім және ғылым ұйымдарының мемлекеттік
қызметші емес қызметкерлеріне мамандық бойынша жұмыс
стажын белгілеу Ережесі

1. Жалпы ережелер

Осы ереже ұйымдық-құқықтық нысандарына қарамастан мемлекеттік қызметші емес педагогикалық қызметкерлердің және педагогикалық қызметкерлерге теңестірілген білім беру қызметкерлерінің, ғылыми-педагогикалық және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің жұмыс

стажын анықтау кезінде қолданылады.

Осы Ережеге сәйкес есептелетін мамандықтар бойынша жұмыс стажы күнтізбелік санау бойынша есептеледі.

Күнтізбелік айдың ішінде лауазымдық айлығын жоғарылату құқығы пайда болған қызметкерлерге лауазымдық айлық стажы ескеріле отырып осындай құқық пайда болған күннен бастап есептеледі.

Мамандықтар бойынша жұмыс стажын құрамын тиісті ұйымның басшысы бекітетін еңбек стажын анықтау жөніндегі комиссия белгілейді.

Комиссияның мамандық бойынша еңбек стажын тағайындау жөніндегі шешімі хаттамамен ресімделеді. Шешімнің көшірмесі екі данадан жасалады және бір данасы - кадрлар қызметіне, екіншісі - бухгалтерияға жіберіледі.

Мамандық бойынша жұмыс стажын белгілейтін негізгі құжат еңбек кітапшасы (болған жағдайда) немесе жеке еңбек шарты немесе жұмысқа алу және жұмыстан босату жөніндегі бұйрықтардың көшірмесі болып есептеледі.

2. Педагогикалық қызметкерлерге және оларға теңестірілген адамдарға стаж есептеу

1. Педагогикалық жұмыс стажына Қосымшаға сәйкес мектептердегі және басқа оқу орындарындағы, тәрбие беру, әдістемелік ұйымдардағы, біліктілік арттыру және қайта даярлау институттарындағы (филиалдардағы), білім беруді басқару органдарындағы және басқа ұйымдардағы педагогикалық жұмыстар е с е п т е л е д і .

2. Педагогикалық қызметкерлердің педагогикалық жұмыс стажына, егер жеке алғанда да, тұтастай алғанда да, белгілі бір уақыт кезеңінің алдында және одан кейін негізгі жұмыс орны бойынша тікелей педагогикалық қызметпен жалғасқан болса, мынадай уақыт кезеңдері есептеледі:

1) 1999 жылдың 15 қыркүйегіне дейінгі педагогикалық қоғамдар мен балалар қоры басқармаларындағы нұсқаушылық және әдістемелік лауазымдардың, Мұғалім үйі (білім беру, кәсіптік білім беру қызметкерінің) директоры (меңгерушісі) лауазымының, фильмотека меңгерушісі және фильмотекадағы әдістемеші лауазымының, өрт сөндіру ерікті қоғамының өрт сөндіруші жасөспірімдер ерікті дружиналарының аға нұсқаушысы және нұсқаушысы лауазымының жұмыс уақыты, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі комиссиялардың немесе кәмелетке толмағандарды әлеуметтік-құқықтық қорғау бөлімдерінің ПМ органдары кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекцияларының (милицияның балалар бөлімдерінің), осы кезеңнің алдында тікелей педагогикалық оқу орындарында оқыған болса, ал соңынан тікелей педагогикалық қызметпен жалғасқан жағдайдағы жұмыс уақыты;

2) офицерлер құрамының, прапорщиктердің, мичмандардың мерзімдік әскери қызметін өтеу уақыты, Қарулы Күштердегі, ішкі, шекаралық әскерлердегі

Қазақстан Республикасы мен бұрынғы КСР Одағының басқару органдарындағы және азаматтық қорғаныс бөлімдеріндегі Қазақстан Республикасының ҰҚК және КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті органдарындағы, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметіндегі және Қазақстан Республикасының Республикалық ұланындағы, қызметтен теріс себептермен босатылғандардан басқа қызметшілердің жұмыс уақыты, ІІМ әскерлеріндегі мерзімнен тыс қызмет ететін әскери қызметшілердің жұмыс уақыты, Қарулы күштер және Әскери Теңіз флоты бөлімшелерінің, бөлімдерінің, саяси бөлімдер (басқармалар) әскери-оқу орындарының барлық әскери қызметшілерінің, сондай-ақ мәдени-ағарту мекемелерінің барлық қызметкерлерінің жұмыс уақыты ;

3) бала көтеруіне және босануына байланысты демалыс уақыты, сондай-ақ заңнамаға сәйкес бала күту үшін берілген ақысыз қосымша демалыс уақыты;

4) егер оқуға дейін білім беру ұйымында қызмет істеген болса және оқудан кейін білім беру ұйымына қайта оралған болса, өндірістен қол үзіп оқитын жолдама бойынша кадрлар даярлау, қайта даярлау және біліктілікті көтеру к у р с т а р ы н д а ғ ы о қ у у а қ ы т ы ;

5) білім беру жүйесіндегі газет және журналдар редакторлары лауазымдарының 1999 жылғы 15 қыркүйекке дейінгі жұмыс уақыты;

6) атқарушы органдар басшыларының және олардың орынбасарларының, сондай-ақ барлық деңгейдегі депутаттар лауазымдық қызметтерінің жұмыс уақытына, осы қызметке сайланар алдындағы тікелей педагогикалық жұмысы жалғасқан жағдайда есептеледі.

Егер қызметкер 2-тармақта көрсетілген жұмыстан (қызмет атқарудан) кейін ағымдағы оқу жылында білім ұйымындағы тікелей педагогикалық жұмысқа ауыса алмаса, оның педагогикалық жұмыс стажына педагогикалық жұмысқа келесі оқу жылының басында қабылданғандағы көрсетілген кезеңдер қосылады.

3. Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің педагогикалық жұмыс стажына:

1) бастауыш әскери дайындық оқытушылары бойынша Қарулы Күштердегі, оның ішінде ІІМ әскерлеріндегі, ҰҚК әскерлері мен органдарындағы офицер, сержант, старшина құрамы лауазымдарының прапорщиктер мен мичмандардың қ ы з м е т у а қ ы т ы ;

2) білім беру ұйымдарының мұғалімдері мен оқытушыларына сабақ беретін пәнінің саласы білім беру ұйымдарының оқу пәніне сәйкес келген жағдайда Қарулы Күштердің әскери бөлімдеріндегі, құрамаларындағы, кіші мамандар даярлайтын мектептердегі және старшиналар, сержанттар және кіші мамандар даярлайтын басқа мектептердегі қызмет уақыты;

3) педагогикалық білімі бар және осы жұмысқа сынып жиынтықтардың уақытша қысқаруына байланысты жіберілген мектеп кітапханашысы ретіндегі

мұғалімдердің (1999 жылдың 15 қыркүйегіне дейін) жұмыс уақыты;

4) өнер мектебі оқытушыларының, музыкалық және көркемөнер орта мектептері мен мектеп-интернаттарындағы арнайы пәндер оқытушыларының, колледждердегі музыкалық пәндер оқытушыларының, музыка және ән мұғалімдерінің, музыкалық жетекшілердің, қосымша білім беру педагогтарының кәсіпорындардағы, мекемелер мен ұйымдардағы жұмыс уақыты - Қарулы Күштерде сабақ беретін пәнінің саласына (білім беру ұйымдарындағы жұмыс саласына) сәйкес келетін мамандықтар бойынша жұмыс уақыты;

5) арнайы пәндер оқытушыларына және мәдениет және өнер оқу орындарының өзге де педагогикалық қызметкерлеріне, педагогикалық, музыкалық-педагогикалық, көркем-графикалық колледждердің (бөлімдердің), педагогикалық колледждері музыкалық және көркемөнер бөлімдерінің педагог қызметкерлеріне - (режиссер, дирижер, хормейстер, балетмейстер, концертмейстер, әртіс, суретші ретіндегі) 1999 жылдың 15 қыркүйегіне дейінгі жұмыс уақыты;

6) директордың өндірістік оқыту жөніндегі орынбасарларына - жоғары немесе орта арнаулы оқу орындарынан кейінгі (оның ішінде әскери) кәсіпорындарындағы, мекемелердегі және ұйымдардағы мамандықтар бойынша жұмыс уақыты;

7) өндірістік оқу негіздері, еңбек және сызу, көркемсурет өнері, информатика және есептеу техникасының негіздері, оқу пәндерін теориялық, практикалық жағынан тереңдетіп оқытатын мектептердің (сыныптардың) мұғалімдеріне (қосымша білім беру оқытушыларына, педагогтарына, шеберлеріне), эксперименттік мекемелердің, мектептен тыс ұйымдардың педагог қызметкерлеріне - беретін пәндерінің саласына (білім беру ұйымдарындағы жұмыс саласына) сәйкес келетін мамандықтар бойынша басқа ұйымдардағы, сондай-ақ Қарулы Күштердегі қызметтің жұмыс уақыты;

8) арнайы пәндер оқытушыларына, сондай-ақ орта кәсіптік білім беру бойынша оқу-әдістемелік кабинеттердің әдістемешілеріне және аға әдістемешілеріне және информатика және есептеу техникасының негіздері пәнінің оқытушыларына кәсіпорындардағы, жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін жоғары оқу орнында алған мамандығы бойынша (оның ішінде әскери) мекемелер мен ұйымдарда кемінде 5 жыл еңбек еткен жұмыс уақыты, сондай-ақ жоғары оқу орнында алған мамандығы бойынша Қарулы Күштер қатарында қызмет еткен уақыты (оны жалғастыруына қарамастан);

9) мектептен тыс ұйымдардың, әдістемелік кабинеттердің, мұғалімдердің білімін жетілдіру институттарының әдістемешілеріне, қосымша білім беру педагогтеріне, мәдениет ұйымдастырушыларына, экскурсоводтарға - ұйымдардағы жұмыс уақыты және білім беру ұйымдарындағы жұмыс саласына

сәйкес келетін мамандықтар саласы бойынша Қарулы Күштер қатарындағы қызмет уақыты ;

10) мектепке дейінгі ұйымдардың, бөбектер үйінің тәрбиешілеріне (аға тәрбиешілеріне), меңгерушілеріне бөбекжайлардың және бөбекжай-бақшалардың , бөбектер үйлерінің медициналық бике ретіндегі 1999 жылдың 15 қыркүйегіне дейінгі жұмыс уақыты ;

11) білім беру ұйымдарының, көрсетілген лауазымдарды қоспағанда концертмейстер және сүйемелдеуші мамандықтары бойынша жұмыс стажына - жоғары және орта кәсіптік оқу орындары арнайы пәндерінің оқытушылары, тиісті жанрдың дирижерлары және әртістері, хормейстерлері, көркемдік жетекшілері, режиссерлері, музыка мектебінің оқытушылары, сондай-ақ жалпы білім беру мектептеріндегі ән және музыка мұғалімдері, музыкалық жетекшілері ретіндегі жұмыс уақыты есептеледі.

4. Республикадан тыс жерлердегі Ережеде қарастырылған тиісті ұйымдардың тиісті лауазымдарының педагогикалық жұмыстары (оның ішінде шарт бойынша) егер ол Қазақстан Республикасының аумағында педагогикалық стажға шектеусіз есептелетін болса, жұмыс уақытына шектеусіз есептеледі.

5. Кәсіпорындар, мекемелер және ұйымдар қызметкерлерінің білім беру ұйымдарындағы сағаттық төлем шарты бойынша орындалатын педагогикалық жұмысы, егер оның көлемі оқу жылында 180 сағаттан кем болмаса, педагогикалық стажға қосылады. Педагогика жүктеме аз көлемде орындалған жағдайда жұмыс уақыты нақты орындалған жұмыс уақытына пропорционалды есептеледі .

6. Барлық үлгідегі және атаулы білім беру ұйымдарының басшыларына, директорларына, меңгерушілеріне, бастықтарына, олардың орынбасарларына (көмекшілеріне) (шаруашылық жұмысы жөніндегі қызметкерлер категорияларынан басқа) педагогикалық жұмыс стажына педагогикалық (және оған теңестірілген) лауазымдар жұмыстары есептеледі.

3. Ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерге жұмыс стажын есептеу

7. Ғылыми-педагогикалық және ғылыми жұмыс стажына:

1) кафедра меңгерушісі, профессор, доцент, аға оқытушы, ассистент, оқытушы, оқытушы-стажер, стажер-зерттеуші, ректор (директор), бірінші проректор, оқу ісі жөніндегі проректор, ғылыми жұмыс жөніндегі проректор (директордың орынбасары), сырттай және кешкі оқыту жөніндегі проректор, халықаралық байланыстар жөніндегі проректор, тәрбие ісі жөніндегі проректор, факультет деканы (институт директоры), филиал директоры лауазымдарының педагогикалық және басшылық жұмыс уақыты;

2) КСРО Ғылым академиясындағы, бұрынғы одақтас республикалар және

ТМД елдері академияларындағы, Қазақ КСР Ғылым академиясындағы, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясындағы, егер ғылыми қызмет негізгі қызмет болса, мамандандырылған және қоғамдық академиялардағы (бұдан әрі - Академия) президент, вице-президент, Академия президиумының бас хатшы ғалымы, Академия президиумның төрағасы, Академия филиалы басшысының немесе президиум төрағасының орынбасары, Академия президиумының мүшесі, Академия ғылымдар бөлімінің академик-хатшысы, Академия ғылымдар бөлімінің немесе президиумының ғалым хатшысы, Академия президиумы бас ғалым хатшысының немесе филиал басшысының орынбасары, бас ғылыми қызметкер, жетекші ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер, ғылыми қызметкер, кіші ғылыми қызметкер лауазымдарының басшылық жұмыс уақыты;

3) жоғары оқу орындары жанындағы дайындық бөлімдерінің оқытушылық жұмыс стажы; КСРО Ғылым академиясы, Қазақ КСР Ғылым академиясы және Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясындағы шет тілдер, мемлекеттік тіл және философия кафедраларының педагогикалық жұмыс уақыты ;

4) жоғары оқу орындарындағы, олардың жанындағы дайындық бөлімдеріндегі, біліктілік арттыру институттарындағы оқу жылының жүктеме көлемі кемінде 225 сағаттық сағат шарты бойынша ақы төлеу педагогикалық жұмысының нақты уақыты. Ғылыми-педагогикалық жүктеме аз көлемде орындалған жағдайда жұмыс уақыты нақты орындалған жұмыс уақытына пропорционалды мөлшерде есептеледі;

5) ғылыми атағы немесе ғылыми дәрежесі бар ректордың, проректордың (директордың, директор орынбасарының) лауазымдық жұмыс уақыты; мұғалімдер білімін жетілдіру институттарының және жоғары оқу орындары үшін тағайындалған еңбекақы төлеу шарты бойынша жұмыс істейтін кафедралардың педагогикалық жұмыс уақыты ;

6) ғылыми атағы немесе дәрежесі бар директор, директордың оқу (оқу-тәрбиелік) ісі және өндірістік оқу жөніндегі, оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасарлары, жалпы білім беру мектептерінің, орта арнаулы және кәсіптік-техникалық оқу орындарының оқытушылары лауазымдарының жұмыс у а қ ы т ы ;

7) шет ел жоғары оқу орындарындағы немесе ғылыми-зерттеу ұйымдарындағы (жолдама бойынша) ғылыми-педагогикалық жұмыс уақыты;

8) барлық деңгейдегі депутаттар лауазымдық қызметтерінің жұмыс уақыты осы қызметке сайланар алдындағы тікелей ғылыми, ғылыми-педагогикалық жұмысы жалғасқан жағдайда есептеледі;

9) бала көтеруіне және босануына байланысты демалыс уақыты, сондай-ақ

заңнамаға сәйкес бала күту үшін берілген ақысыз қосымша демалыс уақыты е с е п т е л е д і .

8. Ғылыми жұмыс стажына ұлттық ғылыми (академиялық) орталықтардағы, мемлекеттік ұлттық орталықтардағы, ғылыми-өндірістік бірлестіктердегі, ғылыми-зерттеу ұйымдары мен олардың филиалдарындағы, технопарктердегі, технополистердегі, Сейсмологиялық тәжірибе-әдістемелік экспедициялардағы және басқа тәжірибе-әдістемелік экспедициялардағы, станциялардағы және өзге де ғылыми ұйымдардағы Қазақстан Республикасының "Ғылым туралы және ғылыми-техникалық саясаты туралы 1992 жылғы 15 қаңтардағы N 1129-XII Заңымен, "Ғылым туралы" 2001 жылғы 9 шілдедегі N 225-II Z010225_ Заңымен (2001 жылғы 19 шілдеден күшіне енген) белгіленген бас директор, директор (бастық), директордың (бастықтың) ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары, ғылыми-зерттеу бөлімшесі, бөлімі, зертханасы және секторының меңгерушісі (бастығы), бас ғылыми хатшы, ғылыми хатшы, бас ғылыми қызметкер, жетекші ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер, ғылыми қызметкер, кіші ғылыми қызметкер, стажер-зерттеуші лауазымдарының ғылыми жұмыс уақыты есептеледі. Ғылыми ұйымдардағы нақты ғылыми жұмыс уақыты, егер қызметкер кемінде 0,25 ставкамен жұмыс істесе, жылдық ғылыми стаж ретінде есептеледі.

4. Педагогикалық, ғылыми, ғылыми-педагогикалық қызметкерлерге жатпайтын қызметкерлерге мамандығы бойынша жұмыс стажын есептеу

9. Еңбекақы төлеудің тарифтік-біліктілік кестесіне сәйкес мамандық бойынша жұмыс стажына мамандық бойынша ұйымдарда істелген барлық жұмыс уақыты, сондай-ақ мынадай уақыттар кіреді:

1) теріс себептермен қызметтен шығарылған адамдардан басқа, офицерлік құрамдағы адамдардың, прапорщиктердің, мичмандардың, мерзімсіз қызметтегі әскери қызметшілердің, Қарулы күштерде, ішкі шекара әскерлерінде, Қазақстан Республикасы мен бұрынғы КСР Одағының азаматтық қорғаныс басқармасы органдары мен бөлімшелерінде, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен бұрынғы КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті органдары жүйесінде, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінде және Қазақстан Республикасының Республикалық ұланында міндетті әскери қызметін ө т к е р г е н у а қ ы т ы ;

2) теріс себептермен қызметтен шығарылған адамдардан басқа басшы құрамдағы адамдардың ішкі істер жүйесіндегі қызмет өткерген, прокуратура органдарындағы қызмет, Қазақстан Республикасы мен бұрынғы КСРО Одағында сот аппаратында, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитетінде ж ұ м ы с і с т е г е н у а қ ы т ы ;

3) Қазақстан Республикасы мен бұрынғы КСР Одағының ішкі органдарында,

прокуратура органдарында, соттарында, КСРО мемлекеттік қауіпсіздік комитеті органдарында, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары мен Мемлекеттік тергеу комитетінде еңбек сіңірген жылдарына үстеме ақы алу құқығын беретін лауазымдарда жұмыс істеген уақыт;

4) КСРО мемлекеттік банкісі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің жүйесінде жұмыс істеген уақыт;

5) Бала көтеруіне болуына және босануына байланысты демалыс уақыты, сондай-ақ заңнамаға сәйкес бала күту үшін берілген ақысыз қосымша демалыс у а қ ы т ы ;

6) қызмет саласына қарамастан осындай мамандықтар бойынша ұйымдарда өткізген үйлес лауазымдық жұмыстар уақыты;

7) барлық деңгейдегі депутаттар лауазымдық қызметтерінің жұмыс уақыты;

8) сол мамандық бойынша мемлекеттік қызметте болған уақыты.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2002 жылғы 21 ақпандағы
N 105 бұйрығымен бекітілген
білім және ғылым ұйымдарының
мемлекеттік қызметші емес
қызметкерлеріне мамандық
бойынша жұмыс стажын
белгілеу Ережесіне

Қосымша

Оқу-тәрбие ұйымдарындағы тиісті лауазымдық жұмыс уақыты
мамандық бойынша қызметкерлердің жұмыс стажына
есептелетін оқу орындарының, ұйымдарының және
лауазымдарының тізбесі

Оқу орындарының, мекемелердің және ұйымдардың атауы	Лауазымдардың атауы
--	---------------------

1

1

Жалпы білім беру мектептері,
оның ішінде лицейлер (мектеп-лицей.
лер), гимназиялар (мектеп-гимназия.
лар), мамандандырылған шағын комплек.

Мұғалімдер, барлық мамандық
педагогтары, педагог-психологтар,
сурдопедагогтар, әлеуметтік
педагогтар, педагог-ұйымдастырушы.

тілі, кешкі (ауысымды) және сырттай
оқыту мектептері, сырттай оқыту
бөлімдері, эксперименттік алаңдар,
санаторлық мектептер және мектеп-

лар, мұғалім-дефектологтар, мұғалім-
логопедтер, оқытушылар, логопедтер,
логопедтік пункттердің меңгеруші.
лері, тәрбиешілер (тәрбиеші-басшы.

интернаттар, санаторлық-орманды мектептер, барлық үлгідегі және атаулы спорт мектептері, мектеп-бала бақшалар, бала бақша-мектеп кешендері, оқу-тәрбие, оқу-сауықтыру, оқу-тәрбие орталықтары (кешендері), ұзартылған күн мектептері және ұзартылған күн топтары, үш жылдық шеберлер мектебі, музыканттық тәрбие мектебі, арнаулы коррекциялық ұйымдар (дене бітімінің немесе ақыл-есінің жетілуінде кемістігі бар балалар мен жасөспірімдерге арналған мектептер, мектеп-интернаттар, сыныптар, ерекше тәрбиелеу жағдайын қажет ететін балалар мен жасөспірімдерге арналған арнаулы ұйымдар және т.б.) барлық үлгідегі және атаулы мектеп-интернаттар, мектеп жанындағы интернаттар, оқушыларды еңбекке баулу және кәсіптік бағдар мектепаралық оқу-өндірістік комбинаттары.

Музыкалық және көркем-өнер мектептері мен мектеп-интернаттары. Мамандандырылған әскери орта мектептер, мектеп-интернаттар және училищелер.

Логопедтік пункттар, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар.

Балалар үйлері, отбасы үлгісіндегі балалар үйлері, үміт үйлері, бөбек үйлері, жасөспірімдер үйлері, балалар деревнясы, балалар қалашықтары және басқалар.

Балалардың еңбек және тәрбиелік-еңбек колониялары, балалар

лар), тәрбиеші-әдістемешілер, аға тәрбиешілер, аға әдістемешілер (курстардағы әдістемешілер, егер бұл курстар олар үшін негізгі жұмыс орны болып есептелген жағдайда), концертмейстерлер, сүйемелдеушілер, музыкалық жетекшілер (қызметкерлер), қосымша білім беру педагогтері, массовиктер және экскурсоводтар (1999 жылдың 15 қыркүйегіне дейін), спорт бойынша аға жаттықтырушы-оқытушылар (жаттықтырушылар, оқытушылар), вожатыйлар, аға вожатыйлар, мәдени ұйымдастырушылар, еңбек жөніндегі нұсқаушылар, аға шеберлер, өндірістік оқу шеберлері (нұсқаушылары), тікелей оқу-педагогикалық қызметпен айналы.

сатын өндірістік оқу шеберлері (нұсқаушылары), дыбыс кабинеттерінің нұсқаушылары, дыбыс кабинеттерінің меңгерушілері, денешынықтыру жөніндегі нұсқаушылар, аға нұсқаушылар, аға нұсқаушы-әдістемешілер (оның ішінде денешынықтыру және спорт, туризм бойынша), басшылар, директорлар, меңгерушілер, бастықтар, олардың орынбасарлары (көмекшілері) (шаруашылық жұмысы жөніндегі қызметкерлер категорияларынан басқа), оқу, оқу-тәрбие, педагогикалық бөлім меңгерушісі, өндірістік оқу, шет тіл жөніндегі оқу бөлімінің меңгерушісі, бөлімдердің, зертханалардың, кабинеттердің, шеберханалардың, бөлімшелердің, секциялардың, секторлардың, филиалдардың, оқу-консультациялық пункттердің, психологиялық-медициналық-

кабылдау пункттері, кәмелетке педагогикалық консультациялардың толмағандарға арналған кабылдау-бөлу меңгерушілері (бастықтары), курстар орындары, мектеп-колониялар (атауына дың, оқу-өндірістік, оқу курстық карамастан), ғылыми медициналық-комбинаттардың, циклдардың бастықта педагогикалық консультациялар, ры, өндірістік, педагогикалық еңбекке тәрбиелеу институттары, практика меңгерушілері, тәртіп шөлкес мінезді адамдарды ерекше жөніндегі аға кезекшілер, тәртіп жағдайда ұстайтын білім беру жөніндегі кезекшілер, бастауыш ұйымдары. әскери дайындық жөніндегі оқытушы-

Мектепке дейінгі ұйымдардың ұйымдастырушылар, білім беру барлық түрлері мен атаулары ұйымдарындағы аудармашы-дактилолог (балалар бақшалары, бөбекжай- (1999 жылдың 15 қыркүйегіне дейінгі бақшалар, бөбекжайлар). сурдопедагог).

Мектептен тыс балалар ұйымдары (номенклатураға сәйкес).

Клубтар, мәдениет сарайлары және тұрғын үй-пайдалану ұйымдары жанындағы оқушы бөлмелері.

Кәсіптік орта білім беру оқу орындары (колледждер, училищелер).

Кәсіптік бастауыш білім беру оқу орындарының фабрика-заводтық оқуы және тәлімгерлігі, азаматтық авиация бөлімдерінің оқу-жаттығу мектептері және атауына карамастан кадрлар даярлау жөніндегі басқа да оқу орындары.

Біліктілік арттыру жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін курстар мен басқа да курстар (оның ішінде сырттан оқытатын курстар).

Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру мекемелері: бөбек үйлері, балалар санаторийлері, клиникалар, емханалар, ауруханалар және басқалар, сондай-ақ ересектер мекемелеріндегі балаларға арналған бөлімдер, палаталар.

Білім беру ұйымдарының

ф и л и а л д а р ы .

Студиялар, клубтар
Студенттік-зерттеу бюросы
Оқу-консультациялық пункттер,
оқу (оқу-жаттығу) орталықтары, оқу-
өндірістік, оқу курстік комбинаттар,
оқу-ғылыми-өндірістік кешендер,
оқу-сауықтыру, оқу-тәрбие
орталықтары.

Лагерлер (спорттық-қорғаныс,
сауықтыру, мектептік, еңбек және
демалыс лагерлері).
Білім беру ұйымдарының оқу
полигондары.

2

2

Кәсіптік жоғары оқу орындары Профессорлық-оқытушылық құрам,
концертмейстерлер, сүйемелдеушілер

3

3

Кәсіптік жоғары және орта әскери Профессорлық-оқытушылық
оқу орындары лауазымдар жұмысы (қызметі)

4

4

Кадрларды жетілдіру, қайта Профессорлық-оқытушылық құрам,
даярлау, біліктілігін арттыру инсти. оқытушылар, әдістемешілер (ғылыми
туттары, барлық атаулы әдістемелік қызметкерлер), аға әдістемешілер,
ұйымдар (ведомстволық бағыныстылы. директорлар, меңгерушілер, олардың
ғына қарамастан) орынбасарлары, оқу бөлімінің,
секторлардың, кабинеттердің,
зертханалардың меңгерушілері

5

5

1) Білім беру органдары, оқу 1) Басқарушы, инспекторлық
орындарына және басқа да білім беру (1999 жылғы қыркүйекке дейін),
ұйымдарына басшылық етуді іске асыру әдістемелік лауазымдар, сондай-ақ
органдары. мамандардың өзге де педагогикалық
қызметпен байланысты лауазымдары

2) Республика Ішкі Істер 2) Аға инспекторлар (1999
министрлігі, ішкі істер басқармалары жылдың 15 қыркүйегіне дейін),
(бас басқармалары), ІІМ еңбекпен жалпы білім беру, оқу-тәрбие,
түзеу мекемелерінің басқармалары әдістемелік, мектептен тыс жұмыстар,
өндірістік оқу, баланы қорғау,

3) Құрамында ұйымдастырылған мектепке дейінгі балалар ұйымдарының, әлеуметтік мәдени объектілерінің және спорттық ғимараттардың басқармалары өндірістік бірлестіктер (1999 жылғы қыркүйекке дейін)

4) Техникалық оқыту бөлімдері (бюро), кәсіпорындардың, бірлестіктердің, өндірісте кадрлар даярлаумен және олардың біліктілігін арттырумен айналысатын министрліктердің (ведомстволардың) бөлімшелері

әдістемешілік лауазымдар

6

6

ДОСААФ және азаматтық авиация оқу орындары және оқу ұйымдары

7

7

Мекемелердің, кәсіпорындардың және ұйымдардың жатақханалары, тұрғын үй-пайдалану ұйымдары, жастар тұрғын үй кешендері, балалар кинотеатрлары, жасөспірім көрермен театрлары, қуыршақ театрлары, балалармен және жасөспірімдермен жұмыс жүргізу жөніндегі кәсіпорындар мен ұйымдардың мәдени-ағарту мекемелері

8

Еңбекпен түзеу колониялары, еңбекке тәрбиелеу колониялары,

мектепке дейінгі тәрбие және оқу жөніндегі инспекторлар

3) Мектепке дейінгі тәрбие және оқу, жастармен жұмыс бөлімдерінің инспекторлары (1999 жылдың 15 қыркүйегіне дейін)

бар (1999 жылғы қыркүйекке дейін)

4) Штаттық оқытушылар, өндірісте жұмысшыларды өндірістік оқыту шеберлері, қызметі кадрлар даярлау және олардың біліктілігін арттыру мәселесі мен байланысты басшылық, инспекторлық, инженерлік (1999 жылдың 15 қыркүйегіне дейін),

Басшылық, командалық-ұшу,

командалық-нұсқаушылық, инженерлік-нұсқаушылық, нұсқаушылық, инженер-әдістемеші, инженер-ұшқыш-әдістемеші (1999 жылдың 15 қыркүйегіне дейін) және оқытушылық құрам, өндірістік оқу шеберлері.

Тәрбиешілер, педагог-ұйымдастырушылар, психологтар, оқытушылар, қосымша білім беру педагогтары, нұсқаушылар және нұсқаушы-әдістемешілер, жаттықтырушы-оқытушылар және балалармен және жасөспірімдермен жұмыс жүргізу жөніндегі өзге де мамандар, балалар бөлімдерінің, секторларының меңгерушілері

Педагогикалық білімі барлардың лауазымдық жұмысы (қызметі): бастық.

тергеу изоляторлары және түрмелер,
емдеу-еңбек және еңбекпен тәрбиелеу
профилакторийлері, бұрынғы әскери
тұтқындар мен жер аударылғандар
лагерлерінің бөлімдері, арнаулы
оқу-еңбек мекемелері

тың саяси-тәрбие жұмысы жөніндегі
орынбасары, саяси-тәрбие жұмысы
жөніндегі аға нұсқаушы және нұсқаушы
(1999 жылдың 15 қыркүйегіне дейін),
отряд бастығы, жалпы білім беру
жұмысы жөніндегі аға инспектор және
инспектор, аға нұсқаушы-әдістемеші,
кәмелетке толмағандармен жұмыс
жүргізу жөніндегі аға нұсқаушы және
нұсқаушы, өндірістік-техникалық оқу
жөніндегі аға инженер және инженер,
өндірістік оқу жөніндегі аға шебер
және шебер, күзет және тәртіп
жөніндегі аға инспектор және
инспектор, оқу-техникалық кабинет
меңгерушісі, психолог, аудармашы